



ГРЕНЛАНДИЯ ДАУЫ:

Трамп аралға неге көз тікті?

2

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№4 (6682) 13 қаңтар, сейсенбі, 2026 жыл.

www.aqshamnews.kz



12+

ӘКІМ

МӘМС ЖҮЙЕСІН КЕҢЕЙТУ

Шаһарда әлеуметтік қолдау тетіктері нақтыланды


Алматы қаласының Әкімі Дархан Сатыбалды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен халықты қамту жөнінде кеңес өткізді. Кеңес барысында Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық басқармасы МӘМС жүйесімен халықты қамтудың қазіргі жағдайы, атқарылып жатқан іс-шаралардың нәтижесі, сондай-ақ 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы заңнамалық өзгерістер жөнінде ақпарат ұсынды. Атап айтқанда, жұмыс істемейтін, әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін жарнаның жергілікті бюджет есебінен төлену тәртібі қаралды.



2

ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Алматы таулары тәулігіне 30 мың турист қабылдай алады



Алматының тау кластерін дамыту аясында таулы аймақтардың турист қабылдау мүмкіндігін бес есеге арттырып, тәулігіне 30 мың адамға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілдері айтты. Жоба туристер санын біркелкі реттеуге, табиғи экожүйеге түсетін салмақты азайтуға және тау бағыттарындағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін заманауи, басқарылатын инфрақұрылым құруды мақсат етеді.

3

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



9 772223 237006



ӘКІМ

МӘМС ЖҮЙЕСІН КЕҢЕЙТУ

Алматыда әлеуметтік қолдау тетіктері нақтыланды

(Басы 1-бетте)

Медициналық сақтандырумен қамтылмаған тұрғындар үлесін азайту және Тіркелген халық регистріндегі деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету – жұмыстың басты бағыттарының бірі. Осыған байланысты қалада деректер базасын жаңарту, сәйкессіздіктерді анықтау және қайталанатын не ескірген ақпаратты жою бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

Алматыда «қала – аудан – емхана» желісі бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылдың бірыңғай алгоритмі құрылған. Бұл МӘМС жүйесіне енбеген азаматтарға жедел түрде қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмыс нақты мекенжай бойынша жүргізіледі: тұрғындарға қоңырау шалу, үйлерді аралау, халық көп жиналатын орындарда ақпараттық акциялар өткізу, сондай-ақ азаматтар медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарына жүгінген кезде олардың МӘМС мәртебесін тұрақты тексеру шаралары қолға алынған.

Әсіресе, ведомствоаралық үйлестіру мен халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмысына ерекше мән беріліп отыр. Бұл жұмыс міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тетіктері, сақтандырылған азаматтардың құқығы мен міндеті, жарна төлеу тәртібі туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған.

Кеңес қорытындысында Дархан Сатыбалды тұрғындарды МӘМС жүйесіне тарту бойынша жүйелі әрі нақты жұмыс жүргізуді, мемлекеттік ақпараттық базаларды уақытылы жаңартып отыруды, үдерістерді басқару сапасы үшін медициналық ұйымдар мен салалық басқармалардың жауапкершілігін күшейтуді тапсырды.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін бюджет қаражаты есебінен төленетін жарналардың ашық әрі тиімді пайдаланылуының маңызын атады.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

ҚАУІПСІЗ ӘРІ КӨРІКТІ ОРТА

Есен Дүйсенов көшесінің бір бөлігі толық абаттандырылады

Алматы қаласында Есен Дүйсенов көшесінің бір бөлігі жақын арада толықтай жаңғыртылып, тұрғындарға жайлы қоғамдық кеңістікке айналмақ. Қала әкімі Дархан Сатыбалды Розыбакиев көшесінен Даргомыжский көшесіне дейінгі аумақта жүзеге асырылатын абаттандыру жобасының барысымен танысты.



Жоспарға сәйкес ұзындығы 2,3 шақырымды құрайтын көше бойында ауқымды көріктендіру жұмыстары жүргізіледі. Аумақ көгалдандырылып, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар жаңартылады. Сонымен қатар, жаңа асфальт және плитка төселіп, демалуға арналған орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылады. Көшені жарықтандыру және суару жүйе-



лері де толық жаңартылмақ.

Жоба аясында балалар және спорт алаңдары салынып, workout-аймақтар жасалады, ашық спорттық жаттығу құралдары, футбол алаңы, скейт-парк, шахмат үстелдері, велосипед тұрақтары мен ауызсу бұрқақтары орнатылады. Бұдан бөлек, суару жүйесін жаңарту, тамшылатып суару технологиясын енгізу және кабель желілерін ауыстыру жоспарланған. Жоба Прокофьев көшесіндегі учаскелерді және «Будан» скверінің аумағын да қам-

тиды. Сонымен бірге, жұмыс сапары барысында қала әкімі Алмалы ауданында салынып жатқан 240 орынға арналған балабақша құрылысының барысымен де танысты.

Сапар соңында Дархан Сатыбалды барлық жұмыстардың сапалы әрі ұзақ мерзімге есептелген шешімдер негізінде атқарылуы тиіс екенін атап өтті. Ол алматылықтарға қолайлы, қауіпсіз әрі көрікті қалалық орта қалыптастыру басты міндет екенін айтып, жауапты мекемелерге жобаны белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

САРАПТАМА

ГРЕНЛАНДИЯ ДАУЫ:

Трамп аралға неге көз тікті?

Соңғы күндері Вашингтон Гренландия мәселесін қайта көтеруде. Гренландияны өз аумағына қосу бастамасын АҚШ президенті Дональд Трамп бұған дейін де көтерген. Алғашқы президенттің мерзімінде, 2019 жылы өз мақсатына жете алмағандықтан Данияға сапарынан бас тартқан еді. Геосаяси және геоэкономикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, Трамптың саясатын түсінуге болады. Алайда, халықаралық құқық тұрғысынан бұл мәселеде қарама-қайшылықтар жеткілікті.

Қауіпсіздік пен ресурстық мүдде

Гренландия аумағы 2,2 млн. кв. км құрайтын әлемдегі ең ірі арал. Ол Атлантиканың солтүстігінде, Солтүстік Американың жағалауында орналасқан. Әкімшілік тұрғыдан Дания Корольдігі құрамында өзін-өзі басқаратын аумақ ретінде құқықтық мәртебеге ие. Өзінің Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдары бар. Сыртқы саясаты мен қорғаныс саласын Дания Корольдігі айқындайды. Даниялық крон ресми валюта ретінде қолданылады.

Халықаралық байланысына келер болсақ, Еуропалық Одақтың толыққанды мүшесі емес. Ассоциацияланған мүше мәртебесіне ие. Еуропалық қауымдастықтан 1985 жылы референдум нәтижесінде шыққан. Еуропалық интеграциядан шығуына балық аулау саласын қорғау саясаты себепші болды.

2026 жылы Дональд Трамп Гренландия мәселесін қайта көтерді. 5 қаңтарда Гренландия өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете

алмайды деп мәлімдеді. Оның саяси риторикаларынан нені түюге болады?

Біріншіден, Трамп Гренландияны ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қосуды мақсат етіп отыр. Аралды бақылауда ұстау арқылы Арктикадағы геосаяси қауіпсіздікті сақтауды көздеуде. Оның ойынша, егер АҚШ Арктикада бақылауды орнатпаса, Ресей мен Қытай орнатуы мүмкін.

Екіншіден, ол өз алдына қойған мақсатына жұмсақ немесе қатаң түрде жетуді көздеуде. Аумақты сатып алу немесе өзін-өзі айқындау қағидаты арқылы қосып алу жұмсақ жол болса, әскери күш қолдану қатаң әдіс болып саналады. Айта кетейік, АҚШ бұған дейін де Гренландияны сатып алуға ұсыныс жасаған. 1946 жылы Вашингтон аралды 100 млн. долларға бағалаған. Бүгінгі күнмен есептегенде шамамен, 1,6 млрд. доллар. Алайда, Дания билігі бұл ұсыныстан бас тартқан. Тарихта жер аумағын сатып алу кейстері жеткілікті. Мысалы, АҚШ 1803 жылы Луизиананы 15 млн. долларға

сатып алса, 1867 жылы Патшалық Ресей Алясканы 7,2 млн. долларға бағалаған.

АҚШ президентінің бұл мәлімдемелерінің астары бұдан да тереңде болуы мүмкін. Аралда экономика үшін маңызды сирек кездесетін 34 металдың 25-і анықталған. Сондықтан Вашингтон үшін Гренландия тек әскери-стратегиялық аумақ емес, өзіне жақын жерде маңызды минералдардың болуымен қызықтыруда.

Трансатлантикалық байланысқа сызат түсуі мүмкін

Дональд Трамптың мәлімдемелеріне Дания билігі мен Еуропалық елдер сыни пікір білдіруде. 5 қаңтарда Дания билігі Трамптың мәлімдемесіне жауап берді. Премьер-министр Метте Фредериксеннің сөзінше Гренландияға шабуыл жасалса, НАТО-ның өміршеңдігіне нұқсан келеді.

«Менің ойымша, АҚШ президенті Дональд Трамптың Гренландия туралы айтқан сөзіне байыпты қараған жөн. Бірақ мен сондай-ақ, егер АҚШ НАТО-ның басқа еліне әскери жолмен шабуыл жасауды шешсе, онда НАТО-ны қоса алғанда, бәрі де аяқталатынын, демек, Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін орнатылған қауіпсіздік бұзылатынын анық мәлімдеймін», – деді М.Фредериксен.

6 қаңтарда Франция,



Қолтаңбасы жасаған Нұрбоосын ӨРІСҚҰЛЫ.

Германия, Италия, Испания, Ұлыбритания және Дания билігі ортақ мәлімдеме жасады. Онда Арктикадағы қауіпсіздік Еуропа үшін негізгі басымдық болып қала береді, сондай-ақ бұл мәселе халықаралық және трансатлантикалық қауіпсіздік үшін шешуші мәнге ие делінген. Мәлімдеме жасаушылар бұл мәселені Дания мен Гренландия өзара шешуі тиіс деген пікірде.

Сондай-ақ, ЕО көшбасшылары Дания мен Гренландия НАТО-ның бір бөлігі екенін атап өтті. Сондықтан Арктикадағы қауіпсіздік мәселесін реттеуде егемендік, аумақтық тұтастықты және шекаралардың мызғымастығы секілді БҰҰ Жарғысының қағидаттары сақталуы тиіс екенін мәлімдеген.

Гренландия дауы аясында туындаған бұл мәселе трансатлантикалық байланысқа сызат түсіруі мүмкін. Біріншіден, АҚШ пен ЕО арасы одан да алшақтайды. Бірақ ұзақ мерзімге созылмасы анық. Екіншіден, НАТО ұйымы ішіндегі байланыс нашарлауы мүмкін. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан ұжымдық қауіпсіздік қысқа

мерзімге әлсірейді. Үшіншіден, аумақтық тұтастық және шекараның мызғымастығы қағидатын сақтамау халықаралық құқық пен қатынасқа деструктивті әсер етеді. Құқықтық мәртебесі айқындалмаған аумақтар үшін күрес қайта жандануы мүмкін. Тіпті, тарихи-аумақтық мәселелер қайта көтерілсе таңқалмаймыз.

Жалпы, Трамптың Гренландия ғана емес, Венесуэла бағытындағы қабылдаған шешімдері әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарға, халықаралық құқыққа оң әсер етуде деп айта алмаймыз. Қысқа мерзімге бағытталған қадамдар ұзақ мерзімде кері әсер етуі мүмкін.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



«БАЯН СҰЛУ»:

Алматыда әйел көшбасшылығы мектебі жаңа серпін алды

«АМАНАТ» партиясының Алматы қалалық филиалы жанындағы Әйелдер қанаты мүшелері ҚР Парламенті Сенатының депутаты Жанна Асановамен маңызды кездесу өткізді. Бұл басқосу Саяси лидерлік мектебі аясында ұйымдастырылып, әйелдердің қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру, бастамаларды ілгерілету тетіктерін талқылау, жаңа идеяларды ортаға салу мақсатында өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Кездесу барысында қоғамдағы өзекті мәселелер, саяси мәдениет, жауапкершілік, көшбасшылық қасиеттерді дамыту жолдары қарастырылып, қатысушылар тәжірибе алмасты. Сенатор Жанна Асанова соңғы жылдары парламент жүйесіндегі өзгерістер, ашықтық пен диалог форматының ке-

неюі, заңнамалық бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы ой бөлісті.

Ол өз сөзінде парламенттегі жұмыс тек ресми талқылаумен шектелмейтінін, керісінше азаматтардың, соның ішінде әйелдердің ұсыныстары мен бастамалары заң деңгейінде қаралып, қолдауға ие бола алатынын атап өтті.

Бұл кездесудің тағы бір маңызды тұсы – Алматы қаласындағы әйелдер көшбасшылығын дамыту бағытындағы жұмыстардың жалғасуы. Әйелдер қанаты төрағасының орынбасары Гүлнар Әмірованың айтуынша, Алматыда әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейтуге ерекше назар аударылып отыр. Биылғы маусым жаңа серпін беретін «Баян сұлу» атауымен басталуда. Бұл мектептің мақсаты – белсенді, батыл, білімді, қоғамдық жауапкершілігі жоғары, ел дамуына нақты үлес қоса алатын әйелдер тобын қалыптастыру.

Гендерлік саясатта көзделген міндеттердің бірі – әйелдердің көшбасшылық деңгейін арттырып, олардың шешім



қабылдау процесіне көбірек араласуына жағдай жасау. Гүлнар Әмірова қоғамдағы түрлі жағдайда әйелдердің сабырлылық, парасаттылық, мәдениеттілік танытуы маңызды екенін, отбасы мен қоғамның үйлесімді дамуы әйел болмысының беріктігімен тығыз байланысты екенін атап өтті.

Кездесуде әйелдердің әлеуметтік, отбасылық, қоғамдық және саяси саладағы рөлі жан-жақты сөз болып, ұсы-

ныстар мен жаңа бастамалар талқыланды. Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай диалог алаңдары тәжірибе алмасуға, жаңа идеяларды қалыптастыруға және нақты жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл шара биылғы жылғы Әйелдер қанаты жұмысының маңызды бастамаларының бірі болмақ және Алматыдағы әйел көшбасшылығы мектебінің жаңа кезеңін айқындайтын мәнді кездесу ретінде бағаланып отыр.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕМОРАНДУМ



КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА

Қазақстан «Еуразия хабына» айналады

М.Тынышбаев атындағы АЛТ университетінде еліміздегі алғашқы Көлік ғылымдары мен технологиялары институтын құру туралы меморандумға қол қойылды. Бастама ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қолдауымен өтті. Аталған институт Мемлекет басшысының көлік, транзит және логистика саласының тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын ғылыми-техникалық тұрғыда дамытуға арналған.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ғылыми орталық қызметінің негізгі бағдары – көлік инфрақұрылымын дамыту, көлік құрылымдарын әртүрлі климаттық жағдайға бейімдеу. Салтанатты іс-шара барысында Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Ақылбек Күрішбаев сөз сөйлеп, жаңа институттың стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, ғылымсыз сала дамымайды.

«Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі көлік және логистика хабының орталығына айналуы керек. Көлік және логистика саласы мемлекеттің әл-ауқатын арттырып, экономиканың өсімін арттыратын маңызды бағыт. Сондықтан Мемлекет басшысы көлік пен логистиканы стратегиялық маңызы бар сала ретінде айқындап, ауқымды міндеттер қойып отыр», – деді академик.

Оның айтуынша, жаңа институт екі маңызды мәселені шешуге бағытталады: Бірінші бағыты – шетелдік инвестиция тарту. Бұл бағытта білім мен құзыреттер трансфертіне, шетелдік озық технологияларды елге енгізуге басымдық берілмек. Осы мақсатта ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Қытай ғылым академиясымен бірлесіп арнайы зертхана құрған. Зертхана жасанды интеллект арқылы көлік саласын басқару мәселелерімен айналысады. Қытай тарапынан және қытайлық компаниялар арқылы бұл жобаға шамамен, 1 миллиард АҚШ долларына дейін инвестиция тарту жоспарланған, бұл ұлттық валютаға шаққанда шамамен, 77 миллиард теңгені құрайды. Екіншіден, институт аясында ғылымды қаржыландырудың жаңа бағыттары қалыптаспақ.

Жаңа орталықтың басшысы болып Ұлттық Ғылым академиясының академигі, көлік саласының жетекші маманы Болатбек Телтаев тағайындалды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАН

«Шұғылада» өртке қарсы депо құрылысы жүріп жатыр

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Айдос Сарым мен Сергей Пономарев, «АМАНАТ» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров және Наурызбай ауданы әкімдігінің өкілдері «Шұғыла» шағынауданында орналасқан II типтегі өртке қарсы депоның құрылыс барысымен танысты.



Досбол
АТАЖАН

Жоба қаладағы өрт қауіпсіздігін арттыруға, заманауи әрі полиорталықты қалада шұғыл әрекет ету жүйесін құруға бағытталған. Депоның құрылыс-монтаж жұмыстарын 2026 жылғы III тоқсанда аяқтау жоспарланған. Қазіргі таңда жер жұмыстары, гидрооқшаулау және қаңқалау жұмыстары жүргізілген, плиталар мен бағандардың монтажын қоса алғанда монолиттік жұмыстар жүргізіліп жатыр.

– Бұл өте маңызды нысан. Бастапқыда тұрғын үй кешені салынуы жоспарланған 9 гектар жер мемлекет мұқтажына алынды. Соның ар-



қасында осында мектеп салынды және депо құрылысы жүріп жатыр. Мұнда 70 адам жұмыс істейтін болады. Ең маңыздысы, депомен бірге 18 пәтерлі жатақхана да салынып жатыр. Яғни отбасылы қызметкерлер осында тұра алады. Ал Наурызбай ауданында тұрғын үй кешендері мен ғимараттар қаптап салынып жатқанын ескерсек, бұл өте маңызды. Сондықтан ауданның келбеті де жақсы жаққа қарай өзгеріп келеді. Жобаның жалпы

құны – 3 млрд. теңге, – деді Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев.

Сонымен қатар, ол елімізде құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің мәртебесі артып келе жатқанын атап өтті.

– Парламент заң қабылдады, енді ТЖД қызметкерлері отбасының әрбір мүшесіне тұрғын үй төлемдерін алады. Яғни мамандықтың беделі артты, адамдар осы салаға келе бастады, оны біз осы нысаннан да көріп отырмыз, – деді депутат.

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Алматы таулары тәулігіне 30 мың турист қабылдай алады

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітованың айтуынша, таудың жақындығы қаланың басты бәсекелестік артықшылығы.

«Алматы таулы аумақ қала орталығынан небәрі 20–30 минуттық жерде орналасқан әлемдегі санаулы мегаполистердің бірі. Бұл жетекші тау туристік бағыттарын қалыптастыруға, туризмді тұрақтылық пен табиғатқа жанашырлықпен қарау қағидаттарына сүйене отырып дамытуға зор мүмкіндік береді», – деді Ғалия Тоқсейітова.

Туризм басқармасында бүгінде туристік сала жаһандық жалпы ішкі өнімнің 10 пайызына дейін үлес қосатыны, ал инф-

рақұрылымға салынған әрбір доллар 15 долларға дейінгі жиынтық экономикалық тиімділік әкелетіні айтылды. Тау шаңғысы туризмімен айналысатын бір туристің орташа тәуліктік шығыны шамамен, 350 доллар. Бұл тау туризмін дамыту Алматы үшін экономикалық тұрғыдан аса маңызды бағыт екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, туристер санының өсуі таулы аумақтарға айтарлықтай жүктеме түсіріп отырғаны да айтылды. 2018 жылдан бері Іле Алатауы ұлттық саябағына келушілер саны 4,5 есеге артса, «Шымбұлақ» тау курортына келушілер саны 2,5 есеге өсіп, жылына 1,5 миллион адамға жеткен.

Алматы тау кластерін дамыту

мен «Шымбұлақ» курортын жаңғырту бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан еліміздің туристік саласын дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған болатын.

Алматы тау кластері жыл бойы жұмыс істейтін көп маусымды туристік өнім ретінде дамып отыр: қыста – тау-шаңғы туризмі, жазда – хайкинг, экологиялық соқпақтар мен велосипед бағыттары. Аумақтың едәуір бөлігі кез келген жан үшін қолжетімді күйінде қалады. Барлық жобалық шешім экологиялық талаптарды сақтай отырып және қоғамдық талқылау арқылы жүзеге асырылады.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ



СӘН ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЕРЛЕР

Макияж жасау, шаш әрлеу, сұлулық бойынша кеңес беру – осының барлығы бір кездері тек әйелдерге тән кәсіп саналатын. Алайда, кейінгі кезде әлемде ер адамдар сән индустриясында бұрын-соңды болмаған деңгейде белсенді бола бастады. Қазір бұл алаңда ең танымал, ең сұраныстағы мамандардың дені – ер адамдар. Бұл заман талабы ма, әлде ерлер санасының, құндылықтарының өзгеруі ме? Бұған жауап беру қиын, алайда қазір болып жатқан осындай құбылысты жоққа шығара алмаймыз.



**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Әлеуметтік желіден «Ерінді қалай үлкен етіп бояуға болады?», «Көзді үлкейтіп көрсететін әдіс», «Теріні мінсіз етіп көрсету құпиясы» деген видео контенттер мыңдаған, тіпті миллиондаған қаралым жинайды. Таңқалатыны қаралымы емес, керісінше осындай кеңестерді беріп отырғандардың басым бөлігі ер-азаматтар екені. Камера алдында сенімді, өз келбетіне риза, сөйлеген сөзі анық, жұмысы мінсіз. Сын айту қиын. Шынымен де, көпшілігі өз ісінің шебері. Бірақ мәселе шеберлікте емес, құбылыстың өзінде. Неге дәл осы салада ерлер тез танымал болып, жылдам табысқа жетіп жатыр? Ал неге дәл осы салада әйелдердің еңбегі елеусіз қалып барады?

Иә, бұл салада танымал болған әйел адамдарда көп. Тіпті қазір табыс табудың жолдарын «ерлердікі» немесе «әйелдердікі» деп бөлуге де болмас. Қарап отырсақ, әйел адам да ауыр жұмыстан қашпайды, базарда да, зауытта да, көшеде де еңбек етіп жүр. Ал сырт келбетіне сенген, өзін жақсы ұсына білетін ер адамдар, жаңағы айтқанымыздай, бірнеше рет бет әрлеп, өз видеолары арқылы әп-сәтте

Құндылықтар ауысып жатыр ма?

танымал болып, клиент жинап, табыс тауып жатыр.

Шын мәнінде, әлеуметтік желілердің алгоритімі бұл процесті жеделдетіп жібергендей. Бұрын бір адамның кәсібі немесе қызығушылығы тек тар ортада қалса, қазір ол бір сәтте мыңдаған, тіпті миллиондаған адамға көрінеді. TikTok алгоритмдері эмоция тудыратын, таңқалдырған контентті алға шығарады. Ал ер адамның кәсіби макияж жасап, трансформация көрсетуі көпшілік үшін тосын әсер қалдырады. Осылайша мұндай контент тез таралып, қаралымы жоғары болады. Бұл жерде мәселе тек сұлулықта емес, қоғамның назарын аударту механизмінде жатыр.

Бұрын сұлулық салондары әйелдердің кеңістігі саналатын. Ол жерде жылдар бойы тәжірибе жинаған, клиент сенімін ақырындап қалыптастырған мамандар жұмыс істейтін. Ал қазір алгоритм бәрін өзгертті. Бір сәттік видео, дұрыс ракурс, батыл сөйлеу – міне, танымалдықтың жаңа формуласы. Көбіне тәжірибе емес, образ өтімді болып тұр. Сән саласына бет бұрған ерлер осы образды жақсы игеріп алғандай.

Бұл жерде «еркекке болмайды» деген тар түсінікке тіреліп қалу да дұрыс емес. Әркім өз таңдауын өзі жасайды, әр таланттың өз жолы бар. Алайда, қоғам үшін маңызды сұрақ туындайды: біз ер-азаматтың рөлін қалай қабылдай бастадық? Ер адамның құндылығы еңбегімен, жауап



(Сурет: ЖИ).

кершілігімен, кәсібімен емес, сырт келбетімен, өзін көрсету қабілетімен өлшенетін болып бара ма?

«СӘН – ЖЫНЫСҚА ЕМЕС, ТАЛҒАМҒА ҚАРАЙДЫ»

Өз салоны бар жеке кәсіпкер, визажист Нурилла Әндіржан ерлердің сән индустриясына белсенді араласуын кездейсоқ құбылыс емес, заман талабынан туған заңды үрдіс деп санайды.

– Бұрын сұлулық салоны дегенде тек әйелдерге арналған кеңістік сияқты көрінетін. Ал қазір менің салоныма ер адамдар да тұрақты келіп тұрады. Бірі – бет күтіміне, бірі – шаш әрлеуге, енді бірі – фото-видео түсірілімге арналған макияжға жазылады. Бұл қалыпты жағдайға айналып келеді, – дейді кәсіпкер.

Нурилланың айтуынша, ерлердің сәнге қызығушылығы тек кәсіби салада емес, күнделікті өмірде де айқын байқалады.

– Қазір ер адамдар өз келбетіне бұрынғыдан әлдеқайда мұқият қарайды. Қас түзету, тері тазалау, тон теңестіру, көз айналасын жасырын коррекциялау – бұлардың барлығы бұрын «әйелдің дүниесі» саналса, қазір ерлер үшін де күтімнің бір бөлігіне айналып келеді. Меніңше бұл ерсі емес, керісінше қазіргі күннің өзіндік мәдениеті секілді.

Визажист әлеуметтік желілердегі трендтерге де ерекше тоқталды.

– TikTok пен Instagram-ды ашсаңыз, ер визажистердің видеолары миллиондаған

қаралым жинап жатыр. Олар камерамен жақсы жұмыс істейді, образды нақты көрсетеді, визуалды эффектін сауатты қолданады. «Ерінді көлемді етіп бояу», «бет пішінін дұрыс контурлау» сияқты видеоларды көбіне ер мамандар түсіруде. Себебі, олар техниканы өте нақты орындайды.

Нурилланың сөзінше, ерлердің сән индустриясына келуі бұл саланың кәсіби деңгейін көтеріп отыр. Яғни ерлердің бұл салаға араласуы саладағы бәсекені арттырған, әр маман өз деңгейін көтеруге мәжбүр болып отыр. Соған сай курстар, шеберлік сабақтар көбейіп, сапаға деген талап та күшейді. Бұрын қызмет алушыларда «жәй бояп берсе болды» деген түсінік болса, қазір образ, стиль немесе концепция сұрайтын болған.

– «Еркек боянбау керек», «еркек сәнмен айналыспау керек» деген түсінік әлі де бар. Бірақ біз әлемнен бөлініп өмір сүріп жатқан жоқпыз. Сән саласы қазір тек әдемілік емес, үлкен индустрия саналады, миллиардтаған қаржы айналатын нарық. Ерлер осы нарықтың бір бөлігіне айналды. Ең бастысы, біз жаңашылдықтан қорықпауымыз керек. Сән – бұл уақыттың тілі. Ал уақытты тоқтату мүмкін емес, – деп түйіндеді маманымыз.

Сән – уақытша, тренд – өткінші делік, ал қоғамның бағыты ше? Ерлердің сұлулық индустриясына бет бұруы бір жағынан еркіндік пен ашықтықты білдірсе, екінші жағынан терең әлеуметтік өзгерістердің белгісі болуы мүмкін.

БРИФИНГ

VIP-НӨМІРЛЕРГЕ СҰРАНЫС АРТТЫ

Қазақстанда автокөлік нөмірін ресми түрде таңдау мүмкіндігі енгізілді

Биыл 5 қаңтардан бастап елімізде Бәріміз өз көлігіне мемлекеттік тіркеу нөмірін ресми және заңды түрде таңдай алатын болды. Содан бері автокөлік иелерінен барлығы 19 100 өтініш келіп түскен. Жаңа сұранысқа ие қызметтің іске қосылғаны туралы мегаполистің Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Алматы қалалық Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Серік Шумаев мәлімдеді.



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Енді мемлекеттік нөмір автоматты түрде ғана берілмей, азаматтар бар нұсқаның ішінен өздеріне ұнаған әріптік-сандық комбинацияны таңдай алады.

Спикердің айтуынша, бұл жаңа қызмет мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілін түбегейлі өзгертіп, қолайлы жағдай жасап, таңдау құқығын дамыта түсуге бағытталған. Нөмірді таңдау мүмкіндігін енгізу біраз шаруаны қатар шешеді: халыққа қо-



(Сурет: ЖИ).

лайлы болып, осы жұмысты ашық етіп, реттей түседі, бұл сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды көздейтін ауқымды бағдарламаның да бір бөлігі болып отыр.

«Мемлекеттік нөмірлердің бірнеше саны қарастырылған. Олардың құны 10-

нан 280 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін барады. Баға автокөлік иесі таңдаған сандық немесе әріптік комбинацияға байланысты. Мемлекеттік нөмірлерді сатып алудан түскен қаражат қала бюджетіне түседі. Қазір бірдей үш саннан тұратын, басында немесе соңында нөлдері бар нөмір-

лерге сұраныс өте жоғары», – деп атап өтті Серік Шумаев.

Қызмет көрсету рәсімі қарапайым әрі түсінікті. Азамат жүйедегі қолжетімді комбинациялардан керек нөмірді таңдайды, тексеруден өтеді, қызмет ақысын төлеп, өтініш береді. Барлығы бақыланады, ашық өтеді. Әдепсіз әрі жағымсыз мағына беретін нөмірлерді жасауға ғана жол берілмейді.

«Әріптік және сандық комбинациялар жалпы қабылданған моральдық нормаларға сай болуы тиіс. Біз мұны алдын ала ескертеміз, яғни балағат сөздер немесе біреудің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жазуы бар нөмірлер болмайды. Барлығы әдептен аспауы керек», – дейді Алматы қалалық Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

Ішкі істер органдарында көлік құралдарын тіркеу саласындағы өзгерістер тек сервистік тұрғыдан ғана емес, «Заң және тәртіп» қағидаттарын қамтамасыз ету үшін де маңызды екенін атап өтті. Нақты есепке алу, бірыңғай ережелер мен ашық рәсімдер көлік қауіпсіздігіне, көліктерді іздестіру мен азаматтардың құқығын қорғау жұмысына да тікелей әсер етеді.



ҰЛЫ ТҰЛҒА ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алматыда Дінмұхамед Қонаевты еске алу іс-шарасы өтті

Алматы жұртшылығы орны бөлек, тарихта ізі, жүректе аты қалған халқымыздың кемеңгер ұлын еске алып, рухына тағзым етті. Биыл мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 114 жыл толып отыр. Осыған орай, Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен, тұлғаның көзін көргендер мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың еңбек жолын кейінгі ұрпаққа дәріптеп, насихаттауға арналған арнайы іс-шара өтті. Салтанатты жиын Қонаев ескерткіші алдындағы алаңда ұйымдастырылды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Жиында Д.Қонаев халықаралық қорының президенті Э.Қонаев сөз сөйлеп, қор тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарихи тұлғаның есімін ұлықтау бағытындағы қолдауына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, алдағы бірер күнде Қонаев туралы жаңа кітаптың тұсаукесері өтетінін хабарлады. Көзін көргендер мен бірге қызмет атқарған азаматтар Алаштың ардақты ұлы жөнінде сағынышқа толы әсерлі естеліктерімен бөлісті.

Іс-шараға Алматы қаласы әкімдігі өкілдері, Мәжіліс депутаттары, қалалық мәслихат мүшелері, елшілік өкілдері, кезінде Д.А.Қонаевпен қызметтес болған мемлекет және қоғам қайраткерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, сондай-ақ кемеңгердің туған-туыстары қатысты. Осы күні «Ғылым ордасы» РМК директорының орынбасары Азамат Нұршанов Д.А.Қонаевқа қатысты құжаттардың көшірмелерін Қонаев музейінің жетекшісі Е.Кубашеваға табыс етті.

Іс-шара барысында Алматы, Шымкент

және басқа өңірлерден келген делегациялар, сондай-ақ бірқатар мекемелердің атынан Д.А.Қонаев бюстіне гүл шоқтары қойылды. Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі академиясының 4-курс курсанттары «Өткенге құрмет» акциясы аясында 114 гүл шоғын қойса, ҚР Ішкі істер

министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының қызметкерлері көгершін ұшырды.

Жиын соңында қонақтар Төлебаева көшесі, 117-үй мекенжайында орналасқан Д.А.Қонаевтың мемориалдық пәтер-музейін аралады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эльдар АСҚАРУҰЛЫ,
Д.А.Қонаевтың Халықаралық қорының президенті:

ЕСІМІ ӘРҚАШАН ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА САҚТАУЛЫ

Дінмұхамед Қонаевтың есімі әрқашан халық жадында сақтаулы. Ол елдің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Қапшағай қаласын Қонаев қаласы деп қайта атау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл шешім тарихи әділеттіліктің орнауы әрі азаматтардың көптен бергі өтінішінің орындалуы ретінде қабылданды. Сонымен қатар, 2022 жылдан бастап Дінмұхамед Қонаевтың өмірі мен қызметіне арналған еңбектер белсенді түрде жарық көре бастады. Мәселен, өткен жылы Халықаралық Д.А.Қонаев қорының бастамасымен «Д.А.Қонаев. Өмірі мен қызметінің шежіресі» атты іргелі монография жарық көрді. Бұл жинақ көрнекті қазақ-стандық мемлекет қайраткерінің өмірі мен еңбек жолына арналған және оның республиканың дамуына қосқан зор үлесін қамтиды.



Суреттерді түсіріп: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАҒБАНЫ

Әдібай Табылдиевтің туғанына 100 жыл

Бала кезімізде «Балдырған» журналынан әртүрлі тақырыптағы новелла, кейде өлең жолдарынан біз Әдібай Табылдиев деген авторды жиі естіп, шығармаларын оқып, кейбіреуін жаттап өстік. Бертін келе, монографияларымен, оқулықтарымен танысып, шын мәнінде балалар әдебиетінің дамуына үлес қосқан ақын, жазушы, сонымен қатар қазақ этнопедагогикасының ғылыми негізін жасаған көрнекті ғалым екенін білдім.

Әдібай Табылдиев 1926 жылы 2 қаңтарда Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданындағы Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келген. 1948 жылы Абай атындағы педагогикалық училищені, кейін Қазақ педагогикалық институтын (ҚазПИ) бітірген. Ұстаздық жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастаған. 1968–1980 жылдары Қазақ совет энциклопедиясы бас редакциясында жұмыс жасаған. 1980 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында ұстаздық қызмет етті. Оның алғашқы кітабы «Бөбекке сөз» 1959 жылы жарық көріп, кейінгі жылдары балаларға арналған отыздан астам кітап шығарды. Балаларға арналған еңбектерінің қатарында «Мен кімін, білесің бе?», «Балаларға базарлық», «Қайырлы таң, балалар!», «Қызықтар әлемі» сияқты



жинақтар бар. Сонымен қатар, «Қой бағу оңай ма?», «Күлдіргі әңгімелер» сынды сатиралық және прозалық туындылар да оның қаламына тиесілі болатын.

Әдіскер-ғалым 1992 жылы «Халық тағылымы» деген әдістемелік оқу құралында қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы – халық педагогикасының тәрбиелік мәнін ашып берді, яғни ұлттық әдебиеттің түрлерін, оларды тәрбие ісіне колдану жолдарын, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мән-жайын талдап көрсете білді. Ол 1995 жылы жарияланған «Тағылым» атты монографиясының мазмұны терең екендігін студенттер мен

ғалымдар жоғары бағалады. Шығармаларын талдайтын болсақ, бала психологиясын жетік білетін педагог-ғалым ертеңгі елімізді өркендететін, оның көркеюіне үлес қосатын ұрпақтың дені сау, білімді болуын, олардың таным деңгейінің өмірге үйлесімді жетілуін жаңаны көңілге қонымды түрде, шебер жеткізеді. Автор былай дейді:

Талай іске шынықтым,
Табиғаттан сыр ұқтым.
Гүлден тәжі тағындым,
Мектебімді сағындым.

Ал сағыныштың мәні неде екенін бала жүрегіне дәл жеткізіп, шын азамат, ақылды, арлы болу үшін айтар ақылы:

Ықыласпен білуге,
Ынта керек білімге.
....Болам десең бақытты,
Бос өткізбе уақытты,
Әр минутты пайдалан.

Бұл жәй ғана сөз емес, бақыттың кілті еңбекте, абырой мен атаққа іздене білуде, ризықтың сыры да, сәулетті өмірдің сәні де еңбекте екенін бейнелі түрде нақты жеткізіп, баланың жаттап алуына лайықты да ұғынықты етіп беруде ақын алдына жан салмайтын тапқыр ұстаз. Ақылшы ағаның ақындықпен айтары:

Қос білекті сыбандым,
Бақты күттім, суардым.
Бағым гүлдеп, жайнайды,
Онда бұлбұл сайрайды.

Еңбектің көзін тауып, атқарған іске ұқыпты болу – рахатқа батыратын жол деген қағиданы ұстаз былай бейнелейді:

Паналайсың саясын,
Жемісіне тоясың!

Үйрету мен үйренудегі басты ереже, жаман әдет, теріс қылық, оғаш ойдан аулақ болуға баланы жас кезінен бастап баулап, сақтандырып, санасына сіңіру қажеттігін маңызды деп санайды. Егер атабабадан мирас болған тағылым бойға дұрыс дарыса, бала еш уақытта теріс жолға кетпейді. Өмірде бәрі де бар дейді ұстаз:

Қарақшылық, төбелес,
Ұрлық, сұмдық дегенді,
Кісі ақысын жегенді,
Теледидардан көрсетті.

Ал балақай, көрдің, бірақ сен оған еліктеме, күлме, ол – өмір. Өмірде бәрі бар. Зиянды көрініс, жалғандықтан бойынды аулақ ұста, әр нәрсеге сын көзбен қарай білуге дағдылан деген ой ұсынып, былай дейді:

Тексіз настан жирен,
Болмайсың сен ақылды.

Әрине, қай бала жаман болғысы келеді дейсіз, жақсы болу үшін ұстаздың суыртпақтап айтар өнегесіне желі болып тартылған педагогикалық түсініктерді ол халықтық тәлім-тәрбие негізінде жеткізе біледі. Профессор Әдібай Табылдиев – қазақ балалар әдебиеті мен ұлттық педагогика саласына үлкен еңбек сіңірген ғалым деп білеміз.

Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖАҢА КІТАПХАНА

Алматыда кітап алудың тиімді жүйесі енгізілді

Қала әкімдігі мен Мәдениет басқармасының қолдауымен тағы бір жаңа кітапхананың тұсауы кесілді. Кітапхананың ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, қоғам қайраткерлері, жазушылар мен қала тұрғындары қатысты. Соңғы жылдары шаһар басшылығы қаланың мәдени инфрақұрылымын дамытуға бағытталған, тұрғындардың барлық санаты үшін қолжетімді жобаларды жүзеге асыруды қолға алып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІП

Алғашқы сөз кезегін алған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қаланың даму тұжырымдамасына сәйкес, әр ауданда мәдени нысандар болуға тиіс. Аталмыш кітапхана да мәдениет, білім және заманауи технологияларды біріктіретін орталыққа айналып, тұрғындар үшін оқуға, өзін-өзі дамытуға және мазмұнды бос уақыт өткізуге қолайлы орта қалыптастыратын болады деп атап өтті.

Тұсауын кескен жаңа кітапхананың функционалдық және технологиялық мүмкіндіктері таныстырылды. Ғимаратта

заманауи компьютерлік залдар, балаларға арналған интерактивті аймақтар, жеке және топтық жұмысқа арналған қолайлы кеңістіктер қарастырылған. Инклюзияға назар аударылып, ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін арнайы жабдықталған аймақтар жасалған. Сонымен қатар, кітапханада түрлі жастағы оқырмандарға арналған үйірмелер, білім беру және шығармашылық сабақтарға арналған кабинеттер тегін қызмет көрсететін болады.

Жаңа кітапхана саны жағынан мегаполистегі отыз бірінші кітапхана екен. Өткен жылы қалада үш жаңа кітапхана ашылса, биыл да жаңа нысандарды іске қосу жоспарланып отырған көрінеді. Мәселен, бұл оқу орталығы Наурызбай ауданында

ашылып отырған екінші кітапхана. Оның кітап қоры бес мыңнан астам кітаптан тұрады. Сондай-ақ, бір мезетте 70 адамға дейін қызмет көрсете алады. Кітапхана жұмысында цифрлық технологиялар белсенді қолданылып, оның қызметі бала-

ларға, жастарға және зейнеткерлерге бірдей қолжетімді болмақ.

Жаңа кітапхана Наурызбай ауданына қарасты Құлболды көшесі, 1/2 үй, 2-корпус мекенжайында орналасқан. Жұмыс уақыты 08.00-ден 20.00-ге дейін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ӘЛИЕВ,
Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы:

Цифрландыру жұмыстары жүргізіліп жатыр

Кітапханада қазіргі заман талабына сай цифрландыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұған қоса, жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізуді қолға алып жатырмыз. Жалпы, мұндай жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Бізде «Library» деген арнайы кітапханалық бағдарлама бар. Егер сіз осы бағдарламаға өзіңіздің кітапханалық нөміріңізді тіркеп, аты-жөніңізді белгілесеніз, үйде отырып-ақ осы кітапханадағы кітаптарды қарай берсеңіз болады. Тағы бір ерекшелігі, осы жерден алған кітапты міндетті түрде дәл осы кітапханаға қайтару шарт емес.

Алматы қаласындағы 30-ға жуық кітапхананың өзіңізге ыңғайлысына өткізе аласыз. Қазір бұл жерлерді коворкинг орталықтар деп атап жатырмыз ғой. Сондықтан мұнда түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, еркін жұмыс істеуге болады.

ЗИЯТКЕРЛІК ДОДА

22-ші Халықаралық Жәутіков олимпиадасы басталды

Алматыда 22-ші Халықаралық Жәутіков олимпиадасы басталды. Білім бәсекесінің салтанатты ашылуы Almaty Theatre сахнасында өтті. Іс-шараға мыңға жуық қонақ пен қатысушы жиналды. 10–15 қаңтар аралығында мектеп оқушыларына арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша 22-ші Халықаралық Жәутіков олимпиадасы өтіп жатыр.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биыл әлемнің 16 елінен 612 оқушы мен 122 жетекші келіп отыр. Олардың қатарында Армения, Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Грузия, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, және т.б. елдер бар. Қатысушы командалар ұлттық олимпиадалардың қорытындысы бойынша іріктелген.

Бес күнге созылатын сайыс екі турдан – теориялық және практикалық кезеңдерден тұрады. Тапсырмалар мамандандырылған сыныптардың оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, сондай-ақ алтын, күміс және қола медальдармен марапатталады. Сондай-ақ, биылдан бастап сайысқа қатысуға шектеу де енгізілген. Енді әр мемлекеттен 4 команда ғана қатыса алады. Ал өткен жылғы командалық жеңімпаз атанған 7 команда квотасыз қатысу мүмкіндігіне ие болды.

«Халықаралық Жәутіков олимпиадасы биыл Алматы қаласында өтуде. Бұған дейін 20 рет Алматыда ұйымдастырылса, былтыр олимпиада Астана қаласында өт-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

кен болатын. Шетелден 45 команда келді. Әр командада 7 оқушы мен 2 жетекші болады. Оқушылар пәндер бойынша бөлінеді, яғни 3 математик, 2 физик және 2 информатик. Бұл олимпиаданың басты ерекшелігі – оның әрі жеке, әрі командалық форматта өтуінде. Командалар міндетті түрде бір мектептен жасақталуы тиіс. Осы арқылы біз физика-математика және STEM бағытындағы үздік мектептерді анықтаймыз. Олимпиада аясында мұғалімдерге арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша «ІМРАСТ» атты қосымша олимпиада да өтеді», – дейді «Республикалық физика-математика мектептері» коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Алмас Күнғожин.

Халықаралық комиссияның төрағасы, академик Ас-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ,
академик:

Халықаралық ауқымы кеңейіп келеді

Жәутіков олимпиадасы – әлемдік деңгейде ұйымдастырылатын халықаралық мәртебеге ие республикадағы жалғыз пәндік олимпиада. Әлемдік олимпиадалық күнтізбе жыл басында дәл осы Жәутіков олимпиадасынан басталады. Бізден ерте өтетін мұндай халықаралық деңгейдегі олимпиада жоқ. Осы себепті, оған әлем елдері қызығушылық танытып, қатысуға ұмтылады. Бұл олимпиаданың дипломдары халықаралық деңгейде мойындалады.

Көптеген елде Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары жоғары оқу орындарына түсу кезінде грант алу мүмкіндігіне ие болады. Биылғы олимпиадаға Пәкістан елі алғаш рет қатысып отыр. Алдағы жылдары Вьетнам, Камбоджа және Қытай сияқты мемлекеттер де қатысуы мүмкін. Бұл олимпиаданың халықаралық ауқымының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

қар Жұмаділдаевтың айтуынша, оқушыларға ғылымға негізделген, мазмұны терең, күрделі есептер беріледі. Барлық тапсырма оқу бағдарламасына сәйкес болғанымен, оларды орындау жоғары дайындықты талап етеді.

Жәутіков олимпиадасына биыл үшінші мәрте қатысып отырған алматылық оқушы Әділ Жиенбаев жарысқа тас-түйін дайын.

«Республикалық физика-математика мектебінде 11-сынып оқимын. Олимпиада тапсырмалары өте күрделі, мектептегі ұстазым интенсивті түрде дайындайды. Әсресе, эксперименталды тұрға дайындығым жоғары. Жақсы нәтиже көрсету үшін бар күшімізді саламыз», – деді Әділ.



ДҮБІРЛІ ДОДА

Биыл 6–22 ақпан ара-лығында Италия қысқы Олимпиада ойындарын қабылдайды. 2026 жылдың ақпан айында әлем назары Апеннин түбегіне ауатыны анық. Себебі, мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған спорт шеберлері Олимп шыңын бағындыру үшін таласқа түседі. Италияның екі бірдей қаласында – Милан мен Кортинада XXV қысқы Олимпиада ойындары жалауы желбіремек.



ОЛИМПИАДАҒА САНАУЛЫ КҮН ҚАЛДЫ

Айта кетейік, бұл – тарихта екі қала ресми түрде бірлесіп өткізіп жатқан алғашқы ақ Олимпиада. Ал жалпы Италия бұған дейін екі дүбірлі доданы ұйымдастырған: 1956 жылы Кортина және 2006 жылы Турин қаласында Олимпиада өтті.

Биыл әлем көз тігетін жарысқа 93 мемлекеттен 3500-ден астам үздік спортшылардың келуі күтіледі. Онда барлығы 116 олимпиадалық және 79 паралимпидалық жұлде жиынтығы сарапқа салынады. Жарыстар қысқы спорттың барлық классикалық түрлері бойынша өтеді: тау шаңғысы, шаңғы жарысы, биатлон, конькимен жүгіру, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, хоккей, сноуборд, фристайл, бобслей, шаңғы қосайысы, скелетон, шаңғымен тұғырдан секіру, керлинг, шана спорты. Оның ішінде ски-альпинизм алғаш рет Олимпиада бағдарламасына енгізілгенін атап өткен жөн. Ски-альпинизм – бұл тау басына арнайы шаңғымен өрмелеп шығып, содан кейін төмен қарай жоғары жылдамдықпен түсетін сайыс.

Сонымен қатар, биылғы жарыс бағдарламасында тағы бірнеше жаңашылдық бар. Мысалы, бұған дейін шаңғы жарысынан 50 шақырымдық қашықтықты тек ерлер ғана бағындырып келсе, биыл бұл «марафондық» қашықтық әйелдер

арасында да тұңғыш рет ұйымдастырылады. Одан бөлек, 2014 жылғы Сочи Олимпиадасынан бері араға 12 жыл салып, Ұлттық хоккей лигасының (NHL) кәсіби ойыншылары Олимпиада ойындарына қайта оралады. NHL, Халықаралық хоккей федерациясы және ХОК арасындағы бұл келісім хоккей турнирінің деңгейін көтеріп, жарыстың көрігін қыздыра түспек.

ҚАЗАҚСТАН ДАЙЫНДЫҒЫ

Қазіргі таңда Қазақстан құрамасы олимпиадалық лицензиялар үшін күресіп жатыр. Бүгінгі күнге дейін қазақстандық спортшылар шорт-трек, мәнерлеп сырғанау және конькимен жүгіру спорт түрлері бойынша Олимпиадаға қатысу құқығына ие болды. Атап айтқанда, Софья Самоделина мен Михаил Шайдаровтың мәнерлеп сырғанаудан 2 жеке ресми Олимпиада лицензиялары бар. Сонымен қатар, спортшыларымыз шорт-тректен 9, конь-

кимен жүгіруден 12 лицензия жеңіп алды. Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, ұлттық команданың құрамында 35-ке жуық спортшы болады деп күтіліп отыр. Себебі, 2022 жылы Бейжіңде өткен қысқы Олимпиада ойындарында еліміздің намысын 34 спортшы қорғаған.

Елімізде 2026 жылғы Олимпиада ойындарына сапалы дайындық үшін 13,3 млрд. теңге бөлінді. Оған қоса, ТОП-деңгейдегі 13 шетелдік жаттықтырушы-кеңесші жұмылдырылған. Ербол Мырзабосынов спортшыларымыз Италияда кемінде бір медаль иеленуі керек екенін атап өтті.

– Өкінішке орай, 2018 жылдан бері бірде-бір медаль жоқ. Сондықтан біз сол бір медальды алу үшін барымызды салып жатырмыз. Ғылыми тұрғыда дайындық әдістемелер, мамандар тартып, сол бағыттың бәрін күшейтіп жатырмыз, – деді министр.

Еске салайық, еліміз алғаш рет қатысқан Лиллехаммердағы (Норвегия) ақ Олимпиададан бері қазақстандық спортшылар жалпы 8 медаль: 1 алтын, 3 күміс, 4 қола иеленген. 1994 жылы Владимир Смирнов шаңғы жарысынан 1 алтын және 1 күміс жеңіп алды. 1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында шаңғы жарысынан Владимир Смирнов пен конькимен жүгіруден Людмила Прокашева қола иеленді. 2002 жылы АҚШ-тың Солт-Лейк қаласында және 2006 жылы Италияның Турин қаласында Қазақстан құрамасы жұлделі орындарға жете алмады. 2010 жылы Канаданың Ванкуверінде Елена Хрусталева құрама қоржынына жалғыз медаль – биатлоннан күміс салды. 2014 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен додада Денис Тен мәнерлеп сырғанаудан, ал 2018 жылы Оңтүстік Кореяның Пхенчхан қаласында Юлия Галышева фристайл-могулдан қола жұлде жеңді.

АУЫС-ТҮЙІС

2025 жылғы маусым алматылық «Қайрат» футбол клубы үшін табысты болды. Қазақстан біріншілігінде команда өзінің чемпиондық атағын қорғап, екінші жыл қатарынан титул иеленді. Сонымен қатар, өз тарихында алғаш рет УЕФА Чемпиондар лигасының негізгі кезеңіне өтті.

Осы жетістіктерге жетуге көмектескен чемпиондық құрамда 2025 жылдың қорытындысы бойынша бірқатар өзгерістер болды. Еліміздің командалары ойыншылармен тек 1 не 2 жылдық келісімшарт жасайтындықтан, маусым соңында команда сапының түбегейлі өзгеріп кетуі үйреншікті көрініс. Бұл үрдіс алматылық ұжымды да айналып өткен жоқ. Қазірге дейін командадан бес бірдей футболшы кетіп, олардың орнына әзірге бір легионер алынды. Келісімшарт мерзімі біткен ойыншылардың төртеуі шетелдік болса, біреуі – қазақстандық футболшы.

Ең алдымен, алматылық жанкүйерлердің сүйіктісіне айналған 37 жастағы бразилиялық Жоао Паулу клубпен қоштасты. Төрт жыл бойы «сары-қаралар» намысын қорғаған сұрмерген үшін 2025 жыл оңай болмады: тізе жарақаты оның алаңға жиі шығуына кедергі келтірді. Соған қарамастан, ол «Қайрат» жейдесінде 112 ойын өткізген және 47 гол соғып, 24 нәтижелі пас беріп үлгерген.

Клубтан кеткен келесі ойыншы – 32 жастағы Александр Заруцкий. 2025 жыл-

«ҚАЙРАТ» КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІС ЖАСАДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

дың басында командаға қосылған ол маусымның басым бөлігінде негізгі қақпашы болды. Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде жарақат алғанға дейін қақпаны сенімді қорғап, «Олимпия», «КупС»,

«Слован», «Селтик» командаларын жеңуге көмектесті. Жалпы «Қайрат» сапында 24 ойынға қатысып, 9 матчта қақпасына доп дарытпаған Александр енді мансабын «Ақтөбеде» жалғастырады.

Алматылық клубпен қоштасқан легионерлердің бірі – Элдер Сантана. 2024 жылы командағы қосылған бразилиялық шабуылшы алғашқы маусымды белсенді өткізді. Алайда, 2025 жылдың басында ауыр жарақат алып, қатардан шығып қалды. 32 жастағы ойыншының еншісінде 31 ойын және 5 гол, 3 нәтижелі пас бар.

Ал негізгі құрам ойыншылары қатарында грузиялық Гиорги Зариа мен израильдік Офри Арадтың кеткені 2026 жылдың басында белгілі болды. 2024 жылғы маусымда ел чемпионатының үздік жартылай қорғаушысы деп танылған Зариа екі жыл ішінде 59 матч өткізіп, 16 голдың авторы атанды. Ал 2023 жылы «сары-қаралар» қатарына қосылған Офри Арад үш маусымда 92 ойын өткізді. Еншісінде 3 гол, 10 нәтижелі пас бар. Оның атақты «Джузеппе Меацца» стадионында «Интер» қақпасына соққан Чемпиондар лигасындағы голы «Қайрат» тарихындағы жарқын сәттердің бірі ретінде қалмақ.

Сонымен қатар, футбол әлеміндегі сыбыстарға сәйкес, алдағы уақытта қорғаушы Егор Сорокиннің және Валерий Громыконың клубтан кетуі күтіледі.

Ал әзірге клуб қатарына қосылған жалғыз жаңа ойыншы – финляндиялық Яакко Оксанен. 25 жастағы жартылай қорғаушымен 2027 жылдың соңына дейін келісімшарт жасалды. Бір қызығы, Оксанен бұған дейін Чемпиондар лигасының іріктеуінде «КупС» сапында «Қайратқа» қарсы өнер көрсеткен болатын.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



БӘРЕКЕЛДІ!



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҮЙГЕ ЖАҚЫН ЕМХАНА

Жаңа филиал өз жұмысын бастады

Алматы медицинасы үшін тағы бір сүйінші жаңалық – Жетісу ауданынан орын тепкен №1 қалалық емхананың жаңа филиалы ашылды.

«Мұнда жалпы практика дәрігерлері мен көп-бейінді мамандардың қабылдауы, профилактикалық тексерулер мен вакциналау, жүкті әйелдер мен балалардың жай-күйін бақылау, созылмалы аурулары бар пациенттерді жүйелі қадағалап отыру, сондай-ақ үй жағдайында медициналық көмек көрсету жүзеге асырылатын болады», – дейді №1 қалалық емхана директоры Наталья Немтина.

Филиалда цифрлық рентген, маммография, заманауи ультрадыбыстық зерттеу жабдығы, ЛОР және офтальмология кабинеттері, жеке зертхана мен дәріхана жұмыс істейді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың ғимаратқа қиналмай кіріп-шығуы үшін де барлық жағдай жасалған.

Қазіргі күні Жетісу ауданында шамамен 200 мың адам тұрады, оның ішінде 135 мың тұрғын мемлекеттік емханаларға тіркелген, ал қалғандары қаланың басқа аудандарындағы медициналық ұйымдардан қызмет алады.

ЛЕБІЗ

Елизавета АХМЕТҚАЛИЕВА,
Жетісу ауданының тұрғыны, зейнеткер:

– №1 қалалық емханадан сонау 1976 жылдан бері ем-дом алып келемін. Бәрі жақсы, жайлы. Бірақ оған үйден үш аялдама жүріп баратынбыз. Мына филиалдың ашылуы дәл осы маңда тұратын біз секілді зейнеткерлерге, көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға оңтайлы болғалы тұр. Яғни тұрғындардың медициналық көмекті алысқа сабылмай, тұрғылықты жерінен алыстамай, үйінің қасынан алуына жол ашылды деген сөз. Ғимарат еңселі, бөлмелері жарық, заманауи құрылғылармен жабдықталған. Бір сөзбен айтқанда, көз қуанып тұр.

ӘЛЕУМЕТ

Трансдисциплинарлық тәсіл:

ЕРТЕ АРАЛАСУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Алматыда былтыр ашылған «Ерте араласудың әлеуметтік қызметтер орталығы» сәтті жұмыс істеуде. Бір жыл ішінде біраз жұмысты еңсеріп тастады. Бүгінде жаңа туған бөбектен бастап 3 жасқа дейінгі балдырғанның дамуын қадағалайтын мекеме. Қазіргі күні орталықтың қызметін 30 бала алып жүр.

Ерте араласу – бала өмірінің алғашқы жылдарында байқалатын даму қиындықтарын дер кезінде анықтап, алдын алу немесе түзету үшін ұйымдастырылатын кешенді жұмыстар жүйесі. Бұл кезеңде когнитивті, эмоционалдық, моторлық және әлеуметтік даму ерекше қарқынды өтетіндіктен, көрсетілетін көмектің сапасы баланың болашақ өміріне тікелей әсер етеді. Сондықтан ерте араласу білім беру, психология, медицина және әлеуметтік сала үшін маңызды бағытқа айналған. Осы бағыттағы жаңа тәсілдердің бірі – трансдисциплинар-



лық көзқарас. Ол баланың дамуын бір саланың шеңберінде емес, кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Трансдисциплинарлық тәсіл әртүрлі мамандардың білімін біріктіріп, ортақ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

РЕКОНСТРУКЦИЯ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ

№4 аурухананың жаңа тынысы ашылды

Мегаполистің айтулы медициналық мекемелерінің бірі – №4 қалалық клиникалық ауруханасында кең ауқымда реконструкциялау және жаңғырту жұмысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым қатысты. Нұрлан Ерғалиұлына аурухананың заманауи инновациямен жабдықталған жаңа орталықтары мен блоктары таныстырылды.

Модернизациядан өткен аурухана қаланың 400 мыңнан астам тұрғынына, ал бірқатар бағыт бойынша бүкіл Алматы халқына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жүйелі түрде арттыруды көздейді.

«№4 қалалық клиникалық аурухана – тәулік бойы жұмыс істейтін көпбейінді стационар. Мұнда жыл сайын 12 500-ге жуық операция жасалады. Аурухананың жалпы ауданы – 47 318,9 м², оның 6 994 м² аумағына реконструкция жасалған. Жаңғырту жұмысы ғимараттың техникалық қабатын қоса алғанда, 5 бөлімшесінде және 4 блогында жүргізілді», – дейді №4 қалалық



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

клиникалық аурухананың бас дәрігері Біржан Досмаилов.

Іргелі мекемені жаңғыртудағы негізгі мақсат – пациенттерді triage-сұрыптаудың (қызыл, сары, жасыл аймақтар) халықаралық жүйесін енгізу; ем-домды бастамас бұрын уақытты қысқарту, операциядан кейінгі асқынулар мен өлім-жітімді азайту; сапалы қызметтің нәтижесінде пациенттердің ауруханаға жату мерзімін қысқарту.

Аурухананы жаңғырту нәтижесінде:

- қабылдау бөлімшесінің функционалдық мүмкіндігі айтарлықтай артты;
- В-Plan ангиографын орната отырып, тері арқылы коронарлық араласу орталығы;
- екі жаңа залды қоса алғанда, төрт бейінді операциялық зал;
- 12 төсектік шұғыл анестезиология-реанимация және интенсивті терапия бөлімшесі;
- аймақтық травматология және ортопедия орталығы ашылды.

МӘМС

Әлеуметке қарайласамыз

Биылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне кемі бес жыл бойы тұрақты жарна төлеген азаматтардың мәртебесі төлем уақытша тоқтаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылады. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы хабарлады.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңға енгізілген өзгерістер аясында қабылданған жаңа норма бұрын МӘМС жүйесіне тұрақты жарна төлеп келген, бірақ уақытша табыссыз қалған азаматтарға қатысты.

«Егер азамат МӘМС жүйесіне кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, оның сақтандыру мәртебесі алты ай бойы сақталмақ. Мұндай жағдайға көбіне жұмысынан айырылып, уақытша жұмыссыз қалған адамдар тап болуы мүмкін. Бірақ бұл жеңілдікті жүйедегі барлық төлеуші бірдей қолдана алады», – деді МСҚ Алматы қалалық филиалының директоры Илияс Мұхамеджан.

Бұл өзгерістер жұмысынан айырылған немесе уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған тұрғындардың медициналық көмектен қағылмауын қамтамасыз етеді. Бірақ табыс тұрақтанғаннан кейін төленбеген айлар үшін берешекті өтеу қажет болады. Жарна төленбей қалған айлар үшін төлемді дербес төлеуші ретінде төлеуге болады. Биыл бұл санаттағы азаматтар үшін ай сайынғы жарна мөлшері 4250 теңгені құрайды.

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

Тіс щеткасын 3 ай сайын ауыстыру керек

Маржандай тісте – адам көркі. Сондай-ақ, денсаулық кепілі. Тісіңіз қаншалықты сау әрі бүтін болса, тамақты да дұрыс шайнайсыз, асқазаныңыз да жақсы жұмыс істейді.



(Сурет: ЖИ.)

Бірақ күнделікті өмірде біздің қарапайым тіс щеткасына мән бермейтініміз жасырын емес. Тіпті, бір щетканы жылдап пайдалана беретініміз де рас. Ал тіс дәрігерлері щетканы 3 ай сайын ауыстыру керектігін айтады. Егер қылшықтары жайылып, формасын жоғалтса, үш ай толмаса да жаңасына ауыстырған дұрыс дейді. Қылшықтары тығыз, бірақ тым қатты болмауы қажет. Электрлі щеткалар да тиімді, бірақ қолдану нұсқаулығын сақтау керек.

Ауырғаннан кейін (мысалы, тұмау, ангина) микробтардың қайта жұқпауы үшін жаңасын қолданған жөн.

Тісті күніне екі рет – таңертең және кешке, кемінде 2 минуттай тазалау маңызды. Тістің ішкі, сыртқы, шайнау беттерін жай қимылмен әрі айналдыра тазалау қажет. Күшпен қатты басып ысқылау – қызылиекке зиян. Тілді де жеңіл щеткамен тазалау – жағымсыз иісті азайтады. Щетканы пайдаланғаннан кейін жақсылап шайып, тік қойып кептіріңіз.

Жалпы, әр тамақтанғаннан кейін ауызды сумен шайған дұрыс. Мәселен, кішкентай балаға «кәмпитті көп жеме, тісің ауырады» деп жатамыз ғой. Негізі, бала тісінің жауы – кәмпитке қарағанда печенье. Себебі, жұмсақ печеньеңің ұнтағы тістердің арасында нығыздалып қалып қояды да, ол дұрыс тазаланбай, шайылмаған соң тісті бүлдіре бастайды.

Біз сіздерге ауыз қуысының саулығын сақтаудың қарапайым ережесін айттық. Кәдеңізге жарасын!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ



МЕРЕЙТОЙ

МЕДИАЛИНГВИСТИКА МЕН ҰЛТТЫҚ КОД:

Профессор Қалбике Есеноваға арналған ғылыми жиын

Алматыда «Жаһандану жағдайындағы медиалингвистика: ұлттық тілдің даму үрдістері мен қолданысы» атты халықаралық «Дөңгелек үстел» өтті. Бұл ғылыми іс-шара филология ғылымының докторы, профессор Қалбике Есенованың ғылыми-педагогикалық қызметіне 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған болатын.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Жиынды Абай университетінің ректоры Болат Тілеп Қалбике Өмірбайқызына жолданған құттықтау хаттарымен ашты. ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин құттықтау хатында: «Жоғары білім саласында табысты еңбек етіп келесіз. Сіздің төл ғылымды, тіл білімін ілгерілетуге бағытталған қажырлы қызметіңізді, белсенді азаматтық ұстанымыңызды, жанашырлық көзқарасыңызды жоғары бағалаймын», – деген ыстық лебізін жолдаған. Ал ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтауында ғалым мерейтойын ұлт мәртебесі деп бағалаған:

«Бұл айтулы мерейтойыңызға Сіз халқыңызға, қоғамға сіңірген ғалымдық, қайраткерлік қызметіңізбен, ел руханиятындағы айрықша, айшықты еңбегіңізбен, кісілік келбеті, бекзат табиғатыңызбен, болмысыңызбен мәртебелі келіп отырсыз. Сізге зор денсаулық, жемісті еңбек тілеймін», – делінген министрдің құттықтау хатында.



Жиын аясында тіл білімі саласының профессор ғалымдары сөз алып, баяндама жасады. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ф.ғ.к., профессор Анар Фазылжан мен Абай атындағы ҚазҰПУ Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор, PhD Ертай Сұлтан модераторлық еткен жиында қазақ медиалингвистикасы мен медиасуаттылығы төңірегінде талқылаулар болды.

Іс-шара барысында филология ғылымының докторы, профессор Қалбике Есенованың «Қазақ тілтаным: Ұлттық код және тілдік контент», «Қазақ сөзтаным: Тұлғатану ұлттық құндылықтар медиадискурсы», «Әлемнің медиа беінесі: Тілдік репрезентация және ұжымдық сана» атты ғылыми монографияларының тұсауы кесілді. Сондай-ақ, Қалбике Өмірбайқызы «Айрықша еңбегі үшін», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін»,

«І.Жансүгіров» төсбелгілерімен марапатталды.

Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор Кәрімбек Құрманалиев бастаған профессорлар, атап айтқанда, ф.ғ.д., профессор Танат Аяпова, ф.ғ.д., профессор Зейнеп Базарбаева ғылыми монографиялардың тұсауын кесіп, жүрекжарды тілегін білдірді.

– Қалбике Есенованың зерттеулері қазақ тілінің функционалды және коммуникативтік табиғатын түсінуге жаңа серпін берді. Ол тілдің прагматикалық сипатын ұлттық мәдениетпен байланыстыра қарастыру арқылы қазақ тіл білімін жаңа деңгейге көтерді. Оның еңбектері қазақ тілінің заманауи бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді, – деді профессор Зейнеп Базарбаева.

«ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАРАЛҒАН ЖҮРЕК»

Оқушылар Ә.Шәріпов оқуларында бақ сынады

Алматы қаласы Білім басқармасының «Білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» және Әди Шәріпов атындағы №16 мектеп-гимназия ұжымы мегаполис мектептерінің 9–11-сынып оқушылары арасында «Жақсылыққа жаралған жүрек» атты шығармашылық байқау өткізді. Бұл іс-шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Жасампаздық және жаңашылдық» құндылықтарына негізделген идеяларды жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылды. Байқау оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, сөз мәдениеті мен тарихи танымын дамытуға бағытталды. Бұған дейін тек мектепшілік деңгейде өтіп келген бастама енді қала көлемінде өткізілетін болды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Белгілі қоғам қайраткері, жазушы, партизан, «Құрмет» орденінің иегері Әди Шәріповтің шығармашылығын насихаттауды көздеген байқауға қатысуға ниетті үміткерлердің қатары көп болды. Байқау үш бағытты қамтыды: «Өмірі – сабақ, сөзі – өнеге» атты эссе жазу, «Елден шыққан ер тұлға» бағыты бойынша жасанды интелект көмегімен буктрейлер түсіру, сондай-ақ Әди Шәріповтің ұстаздық еңбегін, қоғамдық қызметін және партизандық ерлігін ұлықтайтын «Ерлік пен білім – Әди жолы» атты арнау өлең мүшәйрасы.

Партизан-жазушының есімі аталған білім ордасына ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы №497 қаулысымен берілген. Ал келесі жылдың көктемінде мектепте ҰОС ардагері Әди Шәріповке арналған



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алтынгүл МОМЫНҚҰЛОВА,
Әди Шәріпов атындағы №16
мектеп-гимназиясының
директоры:

– Әди Шәріповтің өмірі мен шығармашылығы – патриотизмге тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Батырдың есімін ұлықтау жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңызды. Өйткені, әр мектеп өз патриоттарын тәрбиелеп шығарады. Оқушы мектептен тек білім алып қана қоймай, ұлттық құндылық пен адами қасиеттерді де бойына сіңіруге тиіс. Біздің негізгі мақсатымыз – оқушылардың Әди Шәріпов туралы білімін тереңдету, шығармаларын зерттеуге ынталандыру, педагогикалық ұжым мен ата-аналар қауымын бір арнаға біріктіру, сондай-ақ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

ТӘРБИЕ

Былтырдан бері толыққанды жүзеге асырыла бастаған «Адал азамат» бағдарламасының негізінде қаладағы №59 мектеп-гимназиясында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында құндылыққа негізделген тәсілдер айлығы ұйымдастырылды.

«АДАЛ АЗАМАТ»

бала бойына адами
құндылықты сіңіреді



Нұржамал
ӘЛІШ

Айлық жоспары бойынша мектептің барлық бірлестігі үш кезеңге бөлініп, әр кезеңде әртүрлі жобалар іске асырылды. Олар әділдік, жауапкершілік, заң және тәртіп, бірлік және ынтымақ, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық сияқты құндылықтарды дамытуға бағытталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндер бірлестігі тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтарын жүзеге асыру мақсатында бірқатар тәрбиелік іс-шара өткізді. Мәселен, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 5-сынып оқушылары «Ер Төстік – ел қорғаған ер» тақырыбында көркем оқу мен театрландырылған қойылым ұсынды. Бұл қойылым арқылы жеткіншектер әдеби кейіпкерлерді танып, ел қорғау мен адалдық ұғымдарын тереңірек ұғынды.

Жоғары сынып оқушылары тәуелсіздік тақырыбындағы шығармалар бойынша буктрейлер жасап, шығармашылық қабілетін көрсетті. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік жылдарындағы шығармалардағы адалдық тақырыбы» атты жас жазушылармен кездесу ұйымдастырылды. Бұл оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, еркін ой алмасуға мүмкіндік берді.

«Айлық аясында «Құндылық бастауы – халық ауыз әдебиеті» атты комикстер көрмесі де ұйымдастырылып, ұлттық мұра заманауи форматта ұсынылды. Махамбет Өтемісұлы шығармалары бойынша өткен куиз батл оқушылардың білімін шыңдап, рухын көтерді. Кітап көрмесі арқылы жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар да сәтті ұйымдастырылды. Мұндай тағылымды жобалар жас ұрпақты саналы, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде тәрбиелеудің маңызды қадамы екені сөзсіз», – дейді №59 мектеп-гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Камшат Егеубаева.



Өткен 2025 жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде айрықша есте қалады. Мемлекет басшысы тарапынан жарияланған бастама еңбек адамының қадірін қайта тануға бағытталған маңызды бетбұрыс болды. Ал Алматы қаласы үшін кәсіптің білім беру саласын жетілдіруде зор жетістіктер әкелгені тағы бар. Атаулы жылдың қаламыз үшін, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін тигізген оң әсері жайында Алматы технологиялық колледжінің директоры әрі Алматы қаласы директорлар қауымдастығының төрағасы Ерұлан ҚАРАҒҰЛОВПЕН өткен сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.

Сапаны арттыру мүмкіндігі

– Ерұлан мырза, атаулы жыл кәсіби білім беру жүйесіне қандай өзгерістер алып келді?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында техникалық және кәсіптің білім беру жүйесінің маңызын атап өтіп, 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Жұмысшы мамандықтардың ел экономикасының және оның тұрақты дамуының негізі екені мәлім. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 2025 жылы сұранысқа ие кәсіптермен 9-сынып түлектері колледждерде 100% тегін оқумен қамтамасыз етілді. Бүгінде өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа кәсіптер мен құзыреттердің Атластары әзірленді, ТЖКБ трансформациялау процесі жүріп жатыр, халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды даярлау басталды, колледж түлектері үшін жаңа жұмыс орындары құрылуда, еңбек адамының мәртебесі артуда.

Қазіргі уақытта ТЖКБ мазмұнын жаңғыртуды қамтитын «2025–2027 жылдарға арналған ТЖКБ трансформациясының Жол картасы» іске асырылып жатыр. Колледждердің бизнеспен өзара іс-қимылының күшеюі байқалады. Дуалды оқыту тетіктері және жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша кадрларды даярлау белсенді дамып келеді. Жыл сайын колледж студенттері мен педагогтері үшін жағдайды жақсарту жүзеге асырылады, материалдық-техникалық база жаңартылады, халықаралық байланыстар мен дайындық стандарттары, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін арттыру дамиды. Құзыреттілік орталықтары құрылды, оқу процесін тиімді басқару және еңбек нарығының қажеттіліктерін талдау үшін цифрлық құралдар дамуға, WorldSkills, JasSkills, TurkicSkills сияқты кәсіби чемпионаттар жүйесі кеңейтілуде.

Шын мәнінде, жұмысшы мамандықтар жылы – бұл жәй ғана мемлекеттік науқан емес, ұзақ мерзімді сын-тегеурін және экономика салалары үшін мамандар даярлау сапасын түбегейлі арттыру мүмкіндігі. Бұл ретте жұмыс берушілермен тығыз байланыс, түлектерді жұмыспен қамту, педагогтердің құзыреттерін жаңарту, халықаралық бағдарламаларға қатысу секілді ТЖКБ дамыту режиміне нақты көшуді аңғаруға болады. Колледж басшысы ретінде мен аймақтық ерекшеліктерімізге бейімделген үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу маңызды деп санаймын.

Білікті ұстаздарсыз реформа жүзеге аспайды

– Жұмысшы мамандықтар жылы нақты нәтижеге жеткізу үшін не істеу керек?

– Жұмысшы мамандықтар жылы нақты нәтиже беруі үшін жүйелік әрекеттермен, өлшенетін көрсеткіштермен және



Ерұлан ҚАРАҒҰЛОВ,
Алматы қаласы директорлар қауымдастығының төрағасы:

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ РӨЛІ ТӨМЕНДЕМЕЙДІ

процестің барлық қатысушысының – мемлекеттен бастап колледж бен кәсіпорынға дейінгі жеке жауапкершілікпен толтырылуы керек. Мемлекеттің қолдауымен ТЖКБ мен өндірістің нақты байланысын қамтамасыз ету қажет деп санаймын. Жұмыс берушілер формальды серіктестер емес, кадрлар даярлаудың толыққанды қатысушылары болуы тиіс, оның ішінде: білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, практикаға орын беру, колледждерді оқу шеберханаларын жабдықтауға қолдау көрсету, түлектерді бағалауға қатысу аса маңызды. Оқыту мазмұны ескірген стандарттарға емес, еңбек нарығының нақты сұраныстарына бейімделу үшін білім беру бағдарламаларын, жабдықтар мен оқыту технологияларын жаңарту қажет. Тәжірибеге бағытталған оқыту, дуалды жүйе, модульдік-кредиттік бағдарламалар және құзыреттілік орталықтарын дамыту әрбір колледж үшін нормаға айналуы тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – колледж педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлеріне инвестиция салу қажет. Колледж педагогтерінің жалақысын, олардың біліктілігін арттыру, кәсіпорындардағы және шетелдік тағылымдамалар, лайықты еңбек жағдайлары мен педагогтерді ынталандыру – жұмысшы кадрларды сапалы даярлаудың кілті.

Президент Қ.Тоқаев «Әділетті Қазақстанда Еңбек адамы ерекше құрметке ие болуы керек. Мұғалімдердің, дәрігерлердің, тәртіп сақшыларының, құтқарушылардың, жұмысшылардың, шаруалардың мәртебесін одан әрі көтеру өте маңызды. Олар елдің ең құрметті азаматтары болуы керек», – деп атап өтті. Бұған табысты жұмысқа орналасудың, лайықты жалақының, түлектердің мансаптық өсуінің нақты мысалдары арқылы ғана қол жеткізіледі. Жастар мен ата-аналар жұмыс кәсібі қоғамдағы тұрақтылық, даму және құрмет екенін көруі керек.

– **Алматы технологиялық колледжінде қандай мамандар қандай тиімді әдіспен дайындалып жатыр?**

– Дуалды оқыту – тәжірибеге бағытталған тәсілді ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастырудың бір түрі. Бұл – жұмыс берушілер үшін кадрлар даярлаудың тамаша мүмкіндігі. Тәжірибе барысында колледж студенттеріне еңбек өтілі есептеледі және жалақы алуға мүмкіндіктері бар. Оқытудағы осы тәсіл шеңберінде колледж түлектерінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне барынша сәйкестігіне қол жеткізіледі. Алматы технологиялық колледжі 50 жылдан астам уақыт бойы туризм индустриясы, тамақтану, қонақүй



бизнесі, азық-түлік технологиялары салалары үшін мамандықтар бойынша жұмысшы кадрларды даярлауды жүргізіп келеді. Колледжде 1300-ден астам студент оқиды. Колледжімізге 2016 жылдан бастап дуалды оқыту енгізілді, ал қазір оқу ордасы жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша кадрлар даярлауға белсенді түрде қосылды. Бұл оқыту технологиялары колледжге жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне назар аударуға және білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуге мүмкіндік береді. Колледж студенттерінің 50%-дан астамы дуалды оқыту бойынша оқиды, мұнда оқу процесінің 60%-ы кәсіби практикадан тұрады.

Жастардың көзқарасы көргендерімен қалыптасады

– **Өндіріс орындарымен, жұмыс берушілермен байланыс қаншалықты жолға қойылған?**

– Бүгінде колледж үш кәсіпорынмен қамқорлық туралы меморандумдар жасайды және 150-ден астам кәсіпорынмен кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы шарттар бар. Жыл сайын дуалды оқыту бойынша студенттерді қамту кәсіпорындардың ұлғаюына байланысты өсуде және бұл бағытты Алматы қаласы бойынша «Атамекен» өңірлік Кәсіпкерлер палатасы қолдап отыр. Жұмыс берушілер колледждер жанындағы Қамқоршылық және Индустриялық кеңестерге енгізілген, онда олар колледждің дамуына және білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тікелей ықпал ете алады. Колледжде кадрларды даярлау бойынша «Білім беру-өндірістік кластер» құрылды. Колледж түлектері қазақстандық туристік қауымдастықтың жанындағы салалық сертификаттау орталығында тәуелсіз сертификаттаудан өтеді, бұл сөзсіз білім деңгейін арттыруға ықпал етеді және жұмыс берушілердің талаптарына түлектеріміздің сәйкестігін растайды.

– **Қазіргі жастардың жұмысшы мамандықтарға көзқарасы қандай деп ойлайсыз?**

– Қазіргі жастардың жұмысшы мамандықтарына деген көзқарасы екіұшты және оған біржақты баға беру мүмкін емес. Бір жағынан, жастардың кейбірі әлі де жұмысшы кәсібі «мәжбүрлі таңдау», әлеуметтік мәртебесі төмен және болашағы шектеулі деп ойлайды. Бұл көзқарастар көбінесе отбасының, қоғамның және «кеңсе» мен «модадағы» мамандықтарға бағдарланудың әсерінен қалыптасады. Екінші жағынан, прагматикалық қатынас күшейетіні байқалады. Жастардың көбі

практикалық жағына назар аударады: тұрақты табыс, еңбек нарығына жылдам кіру, колледжден кейін бірден жұмыс істеу мүмкіндігі, сондай-ақ өсу перспективалары, өз ісін ашу немесе оқуды жалғастыру. Бұл, әсіресе, нақты өндіріске тап болған немесе сапалы тәжірибеден өткен адамдарға тән. Айта кету керек, жастардың көзқарасы олардың іс жүзінде не көретініне тікелей байланысты. Заманауи жабдықтар, өндірістегі тәлімгерлер, жұмысқа орналасудың түсінікті траекториясы және лайықты еңбек жағдайлары бар жерлерде жұмысшы мамандықтарын таңдау – тиімді. Мұнда ТЖКБ жүйесінің міндеті – ұрандармен сендіру емес, сәттіліктің нақты мысалдарын көрсету, дайындық сапасы мен ашық перспективаларды қамтамасыз ету. Сонда жастардың жұмысшы мамандықтарына деген көзқарасы барған сайын оң және саналы болады.

Жаңа дәуір, жаңа дағды

– **Цифрландыру, автоматтандыру дәуірінде жұмысшы маман қандай дағдыларды меңгеруі тиіс?**

– Цифрландыру және автоматтандыру дәуіріндегі жұмысшы мамандықтардың рөлі азаймайды, тек өзгереді. Заманауи технологиялар жұмысшы маманның жұмысын жоймайды, бірақ оның мазмұнын өзгертеді, оны интеллектуалды және технологиялық тұрғыда қамтамасыз етеді. Бұдан маманның жауапкершілігі де өседі. Мәселен, автоматтандыру адамды толығымен алмастырмайтынын түсінуіміз керек. Тіпті ең заманауи автоматтандырылған желілер, роботтар және цифрлық жүйелер теңшеуді, бақылауды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндетуді қажет етеді. Кез келген «ақылды» жабдықтың артында процесті түсінетін, деректерді талдай алатын және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алатын маман бар.

– **Жұмысшы мамандықтар жылы өз жалғасын қалай табады деп санайсыз?**

– Шынында да, Жұмысшы мамандықтар жылы бір күнтізбелік жыл шеңберімен шектелмеуі керек. Оның басты құндылығы ТЖКБ жүйесін дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялық векторын және қоғамның еңбекке қатынасын белгілейді. Біз ТЖКБ-ны жаңғырту және трансформациялау бойынша жұмысты жүйелі түрде жалғастыруымыз қажет.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны жалғасады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

Сонымен қатар, басылым редакциясына мына мекенжай бойынша келіп рәсімдеуге болады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А. Жазылу құны: – жеке тұлғалар үшін – 12 айға 7680 теңге; ҰОС ардагерлері, зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар және копбалалы отбасылар үшін (жеңілдетілген тариф) – 12 айға 6000 теңге. Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 8 (727) 293-08-25

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 835,96 теңге, 3 айға – 2507,88 теңге, 6 айға – 5015,76 теңге, 11 айға – 9195,56 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге, 3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге, 6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге, 11 айға – 15750,13 (қала), 11395,56 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 615,96 теңге, 3 айға – 1847,88 теңге, 6 айға – 3695,76 теңге, 11 айға – 6775,56 теңге

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

«АДАЛ АЗАМАТ»

ҚОРШАҒАН ОРТА

баланың психологиялық саулығының кепілі

Қазіргі қоғамда баланың мектептегі жетістігі тек білім деңгейімен емес, оның психологиялық жай-күйімен де өлшенеді. Оқушының өзін қауіпсіз, еркін сезінуі, ортаға бейімделуі мен тұлғалық дамуы оны қоршаған ортаға және ересектер арасындағы серіктестікке тікелей байланысты. Осы тұрғыда ата-ана, мұғалім және мектеп психологының бірлескен жұмысы ерекше маңызға ие.

Ата-ана мен мектептің өзара сенімге негізделген қарым-қатынасы баланың дамуына қолайлы жағдай жасайды. Психологиялық серіктестік болған жерде балаға қойылатын талап та, көрсетілетін қолдау да үйлесімді болады. Ата-ананың мектеп өміріне белсенді қатысуы, психологпен және сынып жетекшімен байланыста болуы көптеген қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

– *Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Үйдегі түсіністік пен қолдау баланың өзіне деген сенімін арттырса, жиі жанжал мен немқұрайлылық керісінше психологиялық қиындықтарға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда мектеп психологы ата-аналарға бағыт-бағдар беріп, балаға қолайлы отбасылық орта қалыптастыруға көмектесуі тиіс.*


Кей жағдайда мектеп тәжірибесінде «қиын ата-ана» ұғымы кездеседі. Мұндай ата-анамен жұмыс жүргізуде сабырлық, кәсіби этика және түсіністік аса маңызды. Диалогқа негізделген қарым-қатынас, нақты ұсыныстар мен ортақ мақсатты анықтау нәтижелі ынтымақтастыққа жол ашады.

Баланың психологиялық саулығын сақтауда педагог – психолог – ата-ана үштіктің рөлі ерекше. Үш тарап бірлесе әрекет еткенде ғана оқушы өзін қолдауда сезініп, мектепке деген жағымды көзқарасы қалыптасады. Бұл модель баланың тұлғалық дамуына және әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді, – дейді Мерейгүл Дәуенова.

Иә, шындығында серіктестікке негізделген қолайлы орта – баланың толыққанды дамуының басты шарты. Мектеп пен отбасы арасындағы өзара түсіністік, мұғалімнің эмоционалдық саулығы және психологтың кәсіби қолдауы біріккенде ғана оқушының психологиялық әл-ауқатын сақтауға мүмкіндік туатын болады.

Марал КАЗИЕВА.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...



АЛМАТЫ ЖҰРТЫ СҮЙІКТІ АКТЕРІМЕН ҚОШТАСТЫ

9 қаңтарда Алматыда қазақстандық актер Мұрат Бисембинді ақтық сапарға шығарып салу рәсімі өтті. Қоштасу рәсіміне марқұмның туыстары, жақын достары, әріптестері мен актердің өнерін жоғары бағалаған көрермендері жиналды.

Мұрат Бисембин 2026 жылы 8 қаңтарда 53 жаста дүниеден өтті. Ол отандық кинодағы рөлдерімен көпшілікке кеңінен танылып көрерменнің ықыласына бөленген. Әсіресе,

«Рэкетир» фильміндегі Руслан релі арқылы көпшілікке танылды.

«Соңғы айлар сынаққа айналды. Тағдыр осыншама қатыгездік болатынын ешкім де болжай алмады. Инсульт... Күн өткен сайын жағдайы қиындап бара жатты. Бұл тым шиеленіскен уақыт еді. Бізді қолдап, емделуге қаражат жинаған адамдарға алғысымыз шексіз. Ол тамаша әке болды. Әкем үшін отбасы ең қасиетті саналды. Әрқашан үйге, бізге ұмтылған...», – деп марқұмның қызы Диана Булатова өз естеліктерімен бөлісті.

Пердехан ШӘМШИЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2026 жылғы 2 наурыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 232 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@ltn.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 17 ақпаны, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10** телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2026 жылғы 2 наурыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 587 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@ltn.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 17 ақпаны, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10** телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauapparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauapparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 36, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauapparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Тазы мен төбет

генетикалық тұрғыда қорғалады



Тазы мен төбет қазақтың тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі болғанымен, ғылыми тұрғыда аз зерттелген. Соны ескерген мамандар 2021 жылы тазының генофондын зерттейтін бірегей бағдарламаны қолға алған еді.



Нұржамал
Әліш

Осы жұмыстар нәтижесінде Алматыда олардың ДНҚ банкі жасалып, генетикалық паспорттар енгізіліп, тазы тұқымы бүгінде халықаралық деңгейде танылып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметіне ҚР ҒЖБМ Ғылым

комитетіне қарасты Генетика және физиология институтының жетекші ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты Анастасия Перфильева осылай деді.

Зерттеуге Генетика және физиология институты, Қазақстан Зоология институты, «Қансонар» қауымдастығы, Қазақстанның кинологтар одағы,

ветеринариялық ұйымдар, панажайлар мен қоғамдық қорлар қатысқан.

Жұмысты ғалымдар экспедицияға шығудан бастап, «Қансонар» кинологтарымен бірге елдің барлық өңірін аралап шығып, селекционерлермен, аңшылармен, малшылармен кездескен. Көбі сонда өз итінің үлкен ғылыми құндылығы бар екенін алғаш рет естіп білген. Тіркелген әр ит ежелгі генетикалық желілер, ортаға бейімделу мен жұмыс қабілеті туралы бірегей мәлімет берді. Енді бұл деректер жоғалмай, ғылыми тұрғыда жүйеленген базада сақталмақ.

Жоба ит иелеріне де пайда әкелген. Осы уақыт ішінде 600-ден астам итке генетикалық паспорт жасалды. Олар инбридингсіз жұп таңдауға, шығу тегін растауға, желінің сиректігін бағалап, иттің мәртебесін арттыруға көмектеседі. Төбеттер үшін тұқымдық қоспаны генетикалық верификациялау технологиясы әзірленіп, патенттелді, ол төбеттерді бақылаусыз будандастырудан қорғайды. Тектің денсаулығын бақылап, жасырын хромосомалық ауытқуды анықтау үшін цитогенетикалық тест те енгізілді.

Зерттеу барысында жүнді микроскопиялық талдау арқылы тұқымды анықтауға мүмкіндік беретін бірегей трихологиялық маркерлер жиынтығы жасалды. Әлемдік тәжірибеде сирек кездесетін мұндай әдіс тіпті бір тал қылшығы арқылы да тұқымды тап басып тануға мүмкіндік береді екен.

Тазы тұқымын 2024 жылы Халықаралық кинологиялық федерация (FCI) да мойындады. Бұл ел үшін тарихи оқиға әрі генетикалық және мәдени мұраны қорғаудағы маңызды қадам болды.

«Төбетке байланысты жүйелі жұмыс әлі де жалғасып жатыр: тұқымның таралуы мен генетикалық жай-күйін көрсететін интерактивті карта жасалды, оны сақтау мен қалпына келтіру бойынша ғылыми ұсынымдар әзірленді, криоконсервация және тұрақты генетикалық мониторинг инфрақұрылымы қалыптастырылды. Бұл материалдар Қазақстан кинологтар одағына тапсырылып, мемлекеттік құрылымдардың қызығушылығын тудырды», – дейді Анастасия Перфильева.

О А К Ц И Я



ЗООБАҚ ШЫРШАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Жаңа жыл қарсаңында құрылған шыршаларымызды жинап алатын уақыт та таяп қалды. Ал оларды қоқысқа апарып тастамаңыз. Себебі, оған «екінші өмір» сыйлауға болады екен.

Иә, Алматы хайуанаттар бағы пайдаланылған табиғи жаңажылдық шыршаларды қабылдауға арналған экологиялық акцияны бастады. Қала тұрғындары тірі шыршаларды қоқысқа тастамай, оларды зообаққа тапсыра алады. Шыршалар бұғы, елік, қодас, қабан және басқа да жануарлардың қоршауына қолданылады. Жануарлар жаңа заттарға ерекше қызығушылық танытып, шыршаларды иіскеп, дәмін татып, тартып көріп, секіріп, бұтағына сүйкеніп, қабығымен ойнайды. Бұл олардың қимыл-қозғалысын арттырып, күйзелісті азайтып, күнделікті тіршілігін әрлендіре түседі дейді мамандар.

Аталған акция экологиялық іс-шара ғана емес, бұл – адамдарды табиғатқа жанашырлықпен қарауға, саналы тұтынуға шақыратын тағылымды бастама.

Шыршаларды қабылдау орны:
Алматы хайуанаттар бағы, Орманов көшесі, 64.

Қабылдау мерзімі: 8–18 қаңтар.
Тек табиғи, тірі шыршалар қабылданады.

Байланыс телефоны: 8 701 676 85 85.

Нұр ЖАМАЛ

О К А Р И К А Т У Р А

«Аңшылық»



«Тойдан қайту»

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 593,88 теңге

\$ USD/KZT 509,94 теңге

₽ RUB/KZT 6,43 теңге

¥ CNY/KZT 73,02 теңге